

Әл-Фараби ат. ҚазҰУ қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының оқытушысы Мухамадиева Г.Н.

Адвокатура пәні бойынша семинар (практикалық) сабақтарын жүргізуде интерактивті әдістерді қолданудың тиімділігі

Аннотация

На сегодняшний день в педагогических концепциях пересматриваются принципы взаимодействия педагога и учащегося. Совместная деятельность педагога и учащегося строится на таких качествах как взаимоотношение, взаимопонимание, взаимодоверие и поддержка. Это в свою очередь предполагает разработку и использование в вузовской практике интерактивных форм обучения отвечающих запросам времени. Внедрение интерактивных форм обучения – одно из важнейших достижений и нововведений учебного процесса.

Annotation

Today in pedagogical concepts revised principles of interaction between teacher and student. Joint activity of the teacher and student based on qualities such as a relationship, mutual understanding, mutual trust and support. This in turn involves the development of and the use of practice in higher education interactive forms of training to the demands of the time. Introduction of interactive forms of learning - one of the major achievements and innovations of the educational process.

Еліміз мемлекеттілікті жандандырып және қоғамдық іс жүргізудің реттелуінің құқықтық тұтқасын бекіте алып, негізіне алынатын тірек ретінде азаматтардың тіршілік әрекетінің барлық саласына демократиялық институттарды енгізді деп айтуға болады. Қазақстан азаматтары өз мемлекетінде шынайы тәуелсіздікке ие болып, Қазақстан экономикалық, саяси, мәдени және қарым-қатынастың басқа түрлері саласында әлемдік бірлестіктің толық құқылы мүшесі болды. Бұған көбінесе, адам және азамат құқықтары мен бостандықтары институтының құрылымы мен тиімді дамуы әсер етті. Қазіргі таңда адамға және оның кәсіби дайындығына, жалпы гуманитарлық дамуға жоғары талаптар қоятын қоғам өмірінің барлық аясында күрделі қайта құру жағдайында оқу мәселесі үлкен маңызға ие болып отыр. Осыған орай педагогикалық концепцияларда оқытушы мен оқушының өзара қарым-қатынасының қағидалары қайта қаралып жатыр. Педагог пен оқушының бірлескен қызметі өзара қарым-қатынас, өзара түсіністік, өзара сенім және қолдау сияқты қасиеттермен қалыптасады. Бұл өз кезегінде жоғары оқу орындарында уақыт талабына сай оқу нысанының өзге де тәсілдерінің өңделуін және олардың тиімді қолданылуын алдын ала болжайды. Олардың бірі оқудың интерактивті нысаны. Бұл нысанды енгізу – оқу процесінің негізгі жетістіктерінің және жаңалығының бірі.

«Интерактивті» түсінігі ағылшын тілінен аударғанда «interactive» - өзара әрекет етуші, бір-біріне әсер етуші, келісілген [1, 725]. Интерактивті оқу — бұл тану қызметін ұйымдастырудың арнайы нысаны.

Оқудың интерактивті нысанын қолдауға бет бұрушы оқу процесі оның қатысушыларынан өзара ынтымақтастықты талап етеді. Ынтымақтастық оқу процесінің әрбір қатысушысы өзінің жеке үлесін қосудан, жұмыс барысында қызмет етудің білім, идея, тәсілдерімен алмасудан қалыптасады. Интерактивті әдістер өзара әрекет ету, білім алушылардың белсенділігі, топ тәжірибесіне сүйену, міндетті кері байланыс қағидаларына негізделген. Педагог білім берудің тиісті тәсілдерін қолдану және жалпы оқу процесін қалыптастыру үшін топ ұстанымынан хабарар болуы қажет. Бұл жерде ынтымақтастық қатысушы тараптардың барлығына міндетті ережелердің бекітілуін болжайды (мысалы, өзге адамның пікірін тыңдау және сыйлау, өзінің ұстанымын, көзқарасын дәлелдеу, қорғау және т.б.), бұл орын алмаған жағдайда бірлескен қызмет жүзеге аспауы мүмкін.

Қазіргі педагогикада келесі интерактивті әдістерді көрсетуге болады:

- Шығармашылық тапсырмалар;
- Шағын топтардағы жұмыс;
- Жаттықтырушы ойындар (рөлдік ойындар, имитациялар, іскерлік ойындар және білім беруші ойындар);
- Қоғамдық қорларды пайдалану (мамандарды шақыру, экскурсиялар);
- Әлеуметтік жобалар және оқудың өзге аудиториядан тыс әдістері (әлеуметтік жобалар, сайыс, радио және газеттер, фильмдер, спектакль, қойылымдар, көрмелер, көріністер, өлең және ертегі);
- Арнайы жаттығулар;
- Жаңа материалды зерттеу және бекіту (интерактивті дәріс, көрнекті құралдармен жұмыс жасау, видео және аудиоматериалдар қолдану, «оқушы оқытушының рөлінде», «әркім әркімді үйрету», мозаика, сұрақтарды пайдалану, сократ диалогы);
- Күрделі және пікір талас сұрақтар мен мәселелерді көтеру («позиция таңдау (пікір шкаласы)», формула (позиция – дәлел – мысал – нәтиже), проективті техника, «Жалғыз – екеу – барлығы бірге», «Позицияны ауыстыру», «Карусель», «Телевизиялық ток-шоу стиліндегі пікір сайыс», дебаттар, симпозиум);
- Мәселелерді шешу («Ақылмандар сарабы», «Казустерді талдау», «Келіссөздер мен медиация», «Баспалдақ және кішкене жылан») және т.б.

Семинар және практикалық сабақтар оқу қызметінің түрлері ретінде дәріс сабақтарының кеңейтілуіне және тәптіштелуіне, кәсіби қызмет дағдыларын өңдеуге және оны бекітуге бағытталады. Практикалық сабақтарға дайындық дәрісті тыңдаумен ғана шектелмейді, сонымен қатар студенттердің әдістемелік өңдеулерге сәйкес әрбір жоспарланған тақырып бойынша алдын ала өзіндік жұмысын болжайды.

Семинар (практикалық) сабақтарды жүргізуде интерактивті әдістерді қолдану оқушыларға пәнмен өз бетінше танысуға және мәселелерді шешуде бірігіп әрекет етуге, шындықтың өздері тапқан қасиеттерін жинаған тәжірибелері арқылы ойлауға және талқылауға мүмкіндік береді. Пәннің әрбір тақырыбы оқудың жекелеген интерактивті әдістерін қолдануды талап етеді, оларды әбден ой елегінен өткізіп және орнымен қолдану қажет. Мысалы, адвокатура үшін оқу пәні ретінде бірыңғай қағида бойынша – жалпыдан жекеге құрылу схемасы тән. Осыған орай, адвокатура пәні жалпы және ерекше бөлімдерден тұрады. Жалпы бөлімде адвокатураның мәні мен міндеттері, мақсаты; адвокатура қызметін ұйымдастыру қағидалары, адвокаттар алқасының органдары, адвокаттың құқықтық жағдайы, құқықтары мен міндеттері қарастырылады. Бұл жерде семинар сабақтарын жүргізуде келесі интерактивті әдістер: шырмалған қиын оқиғаларды (казус) шешу – зерттеуге негізделген оқу тәсілі. Казустерді зерттеу әртүрлі нысанда болуы мүмкін: соттардың жазбаша қорытындыларына негізделген, заңи оқиғалар, конфликттер мен дилеммаларға толы гипотезалық жағдайлар, өмірде орын алған, газет және журналдардан, кітап және басқа да қайнар көздерден алынған жағдайлар. Зерттеу үшін жағдайлар жазбаша түрде ұсынылғанымен, олар кино немесе магнитофон сияқты аудиовизуалды құралдармен де көрсетілуі мүмкін. Аудиовизуалды материалдар, олар қажетті ақпараттарды және идеяларды қол жетімді құралдармен ұсынуда тиімді, мысалы, студенттерге адвокаттардың сотта сөйлеген сөзінен үзінді, әйгілі адвокаттардың өмір баяны туралы мәліметтер көрсету, келешекте студенттерге сотта қорғау сөзін құрастырып және соны аудиторияға жеткізе білуде көмегін тидіруі мүмкін. Пікірталас; пікірталасқа қатысушының мақсаты, мәселелерді шешуде өзінің шешімі дұрыс екені туралы басқаларды сендіру. Ақылмандар сарабы (мозговой штурм) – шешімді табуда барлық қатысушылардың көзқарастары еркін көрінетін ұжымдық талдаудың тиімді әдісі. Телевизиялық ток-шоу стиліндегі пікірсайыс – үш-төрт адамнан тұратын топ қалғандарының қатысуымен алдын ала таңдалған тақырыпта пікірсайыс жүргізеді. Тыңдармандар талқылауға кейінірек түседі: олар өздерінің көзқарастарын айтады немесе сұрақтар қояды. Шағын топтардағы жұмыс; шағын топтарда жұмыс жасай отырып, студент сабаққа белсенді қатысуға мүмкіндік алады: олар жетекші рөлдерде ойнау, бір бірінен үйрену, әртүрлі көзқарастарды бағалау. Әрбір шағын топ 3 - 5 студенттерден тұрады, тапсырма топты шағын топқа бөлгенге дейін беріледі. Топтық жұмыс процесі оның ішінде қызметтердің бөлінуіне негізделеді (мысалы, бір студент пікірсайыс жүргізеді, біреуі жазып отырады, үшіншісі спикердің рөлін алады және т.б.). Мысалы, «Адвокаттардың құқықтық жағдайы» тақырыбындағы семинар сабағы бойынша әрбір шағын топ «адвокаттардан» тұрады, топтағы бір студент адвокатпен таныстырып өтсе, екінші студент мысалдар келтіреді адвокаттардың құқықтарына қатысты, үшінші студент есеп ойластырады, төртінші студент сұрақ қояды келесі шағын топқа, бесінші студент басқа шағын топтың қойған сұрағына жауап береді. Осылайша, топтың барлық студенттері жұмыс жасайды. Ерекше бөлімнің тақырыптарын – Адвокаттың

қылмыстық процеске, азаматтық процеске қатысуын қарастыруда үйретуші ойындарсияқты интерактивті әдістерді қолдануға болады (рөлдік ойындар, имитациялар, іскерлік ойындар және білім беруші ойындар). Мысалы, «Адвокаттың қылмыстық процеске қатысуы» тақырыбы бойынша семинар сабағында студенттерге қылмыстық істің фабуласын таңдатуға және ол бойынша тергеу әрекеттерін адвокаттың қатысуымен жүзеге асыруға мүмкіндік беру, сонымен қатар адвокаттың қылмыстық процеске барынша белсенді жұмыс жасауына көңіл аудартқызу. Бұл «қылмыстық іс» студенттермен адвокаттың басты сот талқылауына қатысуы сұрағын қарастыруда да қолданылуы мүмкін. Бұл жерде студенттер адвокаттың сот тергеуінде куәлерге сұрақ қоюына, өзінің жинаған дәлеледемелерінің күшін сақтап қалуына және адвокаттың сот жарыссөзінде сот аудиториясын өзіне қарата алуына басты назар аударулары қажет. Өздері адвокат рөліне еніп, сот сөзін құрастырып, сотталушыны қорғап шығуы қажет болады.

Құқықтық мемлекет келешек мамандардан кәсіби қызметке шығармашылық қарым-қатынасты, сын көзбен баға беруді және бейстандарттық жағдайларда шешім қабылдай алуды, жауапкершілікті өзіне алуды және т.с.с. талап етеді. Сондықтан жоғарыда аталған және аталмай қалған интерактивті әдістер студенттерге өз ұстанымдарын логикалық түрде қалыптастыра білуде, өз көзқарасын жеткізуде және оны қорғауда сендіруші дәлелдерді табуға көмектеседі. Оқу жұмысын интерактивті ұйымдастыру оқуға деген ынтаны көтеріп және бір біріне сенуге, сыйлауға негізделген көтеріңкі көңіл-күйдің оқу барысында және оқудан тыс кезде де болуын болжайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Большой англо-русский словарь: в 2-х т. Т.1 /Сост.Н.Н.Амосова, Ю.Д.Апресян, И.Р.Гальперин. – 3-е изд. М.:Русский язык,1979. – 822 с.